

## Өзара әріптестіктің ауқымды мәселелері талқыланды

Парламент Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Орталық әскери кеңесі төрағасының орынбасары Сюй Цилянды қабылдады, деп хабарлады Сенаттың баспасөз қызметі.



Сенат басшысы Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестікті одан әрі дамытуда бұл сапардың маңызы зор екенін атап өтті. Қ.Тоқаевтың айтуынша, екі ел арасындағы стратегиялық әріптестікті нәтижелі дамыту Еуразия құрлығының ауқымды бөлігіндегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен нығайтудағы маңызды мәселе болып табылады.

Әскери саладағы өзара іс-қимылдың деңгейі мен келешегін талқылай келіп, тараптар екіжақты сипатта да, ШЫҰ аясында да ынтымақтастықты үдете түсуді қанағаттанғандықпен атап өтті. Жүздесушілер екі елдің жоғары басшылығының жүйелі түрдегі кездесулерінің ерекше нәтижелі болатынын айта келіп, Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың биылғы шілдеде ҚХР-ға ресми сапарының және Циндао қаласында өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымының Саммитіне қатысуының қорытындыларын жоғары бағалады. «ШЫҰ аясындағы өзара іс-қимыл Қазақстан сыртқы саясатындағы негізгі басымдықтардың бірі болып табылады», деді Қ.Тоқаев.

Сюй Цилян өз сөзінде Президент Н.Назарбаевтың басшылығымен Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық

дамуында қол жеткен зор табыстарына, біздің еліміздің халықаралық аренадағы беделі арта түскеніне, Қазақстан Президентінің Қытайда кеңінен танылғандығына тоқталды.

Жүздесушілер барлық саладағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында Мемлекеттер басшыларының қол жеткізген уағдаластықтарын толықтай жүзеге асыру қажеттігі туралы ойларын ортаға салды.

«Әскери байланыстар – мемлекетаралық қатынастардың маңызды бөлігі. Әскери ынтымақтастықтың жоғары деңгейі – мемлекеттер арасындағы қатынастар деңгейінің көрсеткіші», деп атап өтті ҚХР Орталық әскери кеңесі төрағасының орынбасары. Ол ШЫҰ-да бірлескен жаттығу өткізу кезінде қолдау білдіргені үшін Қазақстанға алғысын жеткізді.

Кездесу барысында жаңа катерлер мен қауіптер тұрғысында аймақтық қауіпсіздік мәселелері де талқыланды. «Нұрлы жол» стратегиясы мен «Жібек жолының экономикалық белдеуінің» ұштасуының ерекше маңызы туралы да айтылды. Қ.Тоқаев парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мен Халық Өкілдері Бүкілқытай Жиналысы Тұрақты комитеті Төрағасының Қазақстанға алдағы сапарының маңызына тоқталды.

## Саламатты өмір салтына көңіл бөлінеді

Кеше Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен кезекті Үкімет отырысы өтіп, онда алғашқы медициналық-санитарлық көмектің сапасын жетілдіру жөніндегі шаралар талқыланды. Сондай-ақ халықты дене шынықтырумен айналысуға тарту және спорттық инфрақұрылымды дамыту жұмыстары қаралды, цифрлы эфирлік телерадио хабарларын тарату мәселесі сөз болды.

**Еркежан АЙТҚАЗЫ,**  
«Егемен Қазақстан»

### Сапалы медицинаның қолжетімділігі артады

Үкіметтің селекторлық режимдегі отырысында Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында алғашқы медициналық-санитарлық көмекті (АМСК) жетілдіру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Оның айтуынша, қазіргі таңда Қазақстанда алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 524 медицина ұйымы болса, олардың 29 проценті жеке меншік ұйымдар. Айта кетерлігі, біздің елде алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін бір дәрігерге 1950 науқас жүгінеді. Бұл көрсеткіш ЭЫДҰ елдерінде 1500 адамды құрайды. Яғни алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету бойынша кадр тапшылығы сезіліп отыр. Бұл мәселені шешу үшін Денсаулық сақтау министрі қосымша 1 531 учаске ашу қажет екенін айтты.

Сонымен қатар аталған министрлік Мемлекет басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауына сәйкес, ағымдағы жылдың мамырында бір мезгілде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізе отырып, мемлекеттік міндеттемелердің нақты шегі көрсетілген тегін медициналық көмек көлемінің жаңа моделін әзірледі.

– Тегін медициналық көмек көлемінің пакеті бүкіл халық үшін ең төменгі әлеуметтік стандарт болмақ. Оның ішіне алғашқы медициналық және шұғыл медициналық көмекпен қатар, консультациялық-диагностикалық қызметтер мен тегін дәрі-дәрмек, стационарлық көмек кіретін болады, – деді министр. Бұдан өзге, тегін медициналық көмек көлемінің жаңа моделі аясында ауру-сырқаудың 30 тобы бойынша консультациялық-диагностикалық қызмет көрсету қарастырылмақ.

Министрдің сөзіне қарағанда, тегін медициналық көмектің жаңа моделін енгізу аясында әлеуметтік маңызы бар ауруларды

қоса алғанда сырқаттардың 262 тобынан тұратын диспансерлеу жұмыстары, аурулардың 30 тобынан тұратын басқару бағдарламасын трансформациялау ұсынылып отыр. Бұл елдегі өлім көрсеткішін шамамен 70 процентке қысқартып, катерлі аурулардың 80 процентінің алдын алмақ. Бұл ретте пациенттер тарапынан немқұрайлыққа жол берілмес үшін бірлескен тексерулер енгізу және мобильді қосымшаларды пайдалану арқылы денсаулықтарын қадағалап отыру да жолға қойылмақ.

Денсаулық сақтау министрінің баяндамасынан кейін Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев халықтың әлі де сапалы медициналық көмекке жете алмай отырғанын айтты.

– Бізде денсаулық сақтау ұйымдары желісі дамыған, оны жақсы білесіздер. Дегенмен халық, әсіресе ауылдық жерлерде әлі де болса сапалы медициналық көмек ала алмай келеді. Денсаулық сақтау министрлігіне өңірлермен бірлесіп, ұсынылған шаралардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз етуді тапсырамын, – деді Үкімет басшысы.

### Ауылдық жерлерде спорт кешендері аз

Халықты дене шынықтырумен айналысуға тарту және спорттық инфрақұрылымды дамыту жайында Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы Үкімет мүшелері алдында есеп берді. Өткен жылғы көрсеткіш бойынша халықтың 28,7 проценті дене шынықтырумен айналысып, спортпен шұғылданған. Яғни дене шынықтыру және спорттық шараларға 5 млн 204 мың адам белсенді қатысып отырған. А.Мұхамедиұлы 2016 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 1,3 процентке артқанын жеткізді.

– 2018 жылдың I жарты жылдығы бойынша Саламатты өмір салты орталығымен бірлесіп 28 мыңдай, оның ішінде ауылдық жерлерде 15 мыңдай спорттық бұқаралық іс-шара мен спорттық акциялар өткізілді. Оларға барлығы 3 млн-нан астам адам қатысты, – деп атап өтті министр.

Сонымен қатар соңғы жылдары елімізде ұлттық спорт түрлері

карқынды дамып келеді. Ұлттық спорт түрлерімен айналысушылардың үлесі 2013 жылы 5,9 процентті құраса, 2016 жылы бұл көрсеткіш 6,6 процентке өскен.

А.Мұхамедиұлы бүгінде республика бойынша 11,3 мың спорт ғимараты бар екенін, жыл басынан бері өңірлерде жергілікті бюджеттің және демеушілер қаражаты есебінен 18 дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысы аяқталғанын айтты. Министр елімізде спорт түрлерін дамытуда кездесетін кедергілерге де тоқталып өтті.

– Біріншіден, еліміздегі спорттық кешендер халықтың барлығын бірдей қамти алмайды. Әсіресе, жабық спорт құрылыстарының саны ауылдық жерлерде жеткіліксіз. Мысалы, мектептердің жанындағы спорт залдары тек сабақ өткізу үшін қолданылады. Республика бойынша әлі 1,5 млн шаршы метрді құрайтын спорт залдары қажет, – деді министр.

### 270 радиотелевизиялық станса салынады

Жиында Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев баяндама жасап, 2021 жылға дейін ел аумағында 270 радиотелевизиялық станса салынып жеткізді. Министрдің дерегіне, ел бойынша радиотелевизиялық стансалардың жалпы саны 827-ні құрайды. Бүгінде оның 356-сы дайын. Жыл соңына дейін тағы 200-ге жуығын аяқтау жоспарланып отыр. Қалған стансалардың құрылысы 2019-2020 жылдар ішінде толық аяқталады. Биыл жыл соңына дейін цифрлы хабар таратуға көшуі жоспарланған аймақтар бойынша Маңғыстау, Жамбыл облыстарында және Түркістан облысы мен Шымкент қаласында тиісті стансалар салынып, халықтың 99 проценті толық қамтылды.

– Цифрлы хабар тарату бойынша ауқымды шаруалар іске асып жатыр. Алдағы үш жылда жұмысты толық аяқтау жоспарланған. Яғни Шығыс Қазақстан облысындағы Владимировадан Маңғыстаудағы Қаражамбас ауылына дейін, Солтүстіктегі Суноное селосынан, Түркістан облысындағы Мырзакентке дейін кең байтақ аумақ цифрлы хабар таратумен толық қамтамасыз етіледі, – деді Дәурен Абаев.

Оның айтуынша, цифрлы хабар таратуға көшу халықтың игілігі үшін жасалып жатқан жұмыс. Цифрлы хабар таратуға көшкен жағдайда радиожиліктер босайды да, босаған жиіліктерді байланыс саласындағы жаңа

технологияларды дамытуға пайдалану қарастырылып отыр. Бұл үшін байланыс операторларымен жан-жақты жұмыс жүргізу көзделген.

Д.Абаевтың айтуынша, өткен жылы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі «Телерадио хабарларын тарату туралы» Заңға өзгерістер енгізді. Соған сай, өңірлерді цифрлы хабар таратуға көшіру кезең-кезеңімен жүзеге аспақ.

– Маңғыстау, Жамбыл және Түркістан облыстары, Шымкент қаласы – 2018 жылдың аяғына дейін, Алматы, Павлодар, Қостанай облыстары – 2019 жылы, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Атырау, Қызылорда облыстары – 2020 жылға дейін, Батыс Қазақстан, Ақмола, Ақтөбе облыстары, Астана және Алматы қалалары – 2021 жылы кезең-кезеңімен жаңа форматқа ауысады, – деді Дәурен Абаев.

### Инфляция деңгейі 5-7 процент аралығында

Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов биылғы жылдың 8 айындағы инфляция жайын баяндап, бұл көрсеткіш 5-7 процент аралығында сақталып отырғанын жеткізді.

– Тамыз айында инфляция 0,2 процент болса, бұл көрсеткіш жыл басында 2,9 процентті құрады. Жылдық инфляция – 6 процент. Ағымдағы жылдың басынан бері 2017 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, инфляцияның барлық құрамдастары бойынша баға өсуінің бәсеңдегені байқалып отыр. Азық-түлік тауарлары бағасының өсуі 2,3 процентті құрады. Азық-түлік емес тауарларға – 3,6 процент. Ақылы қызметтерге бағалар мен тарифтер 3,0 процент болды, – деді министр.

Оның айтуынша, соңғы үш айда азық-түлік бағасы төмендегені байқалып отыр. Керісінше, дизель отыны, аяқ киімге, сұйытылған газға, медикаменттер және тұрмыстық бұйымдар бағасы қымбаттаған. Ал жалпы ақылы қызметтердің бағасы орташа деңгейде сақталған.

Бағаның өсуі әуе және темір жол көлігі қызметтерінде, құқықтық қызметтерде тіркелген. Сондай-ақ автомобильдерге техникалық қызмет көрсету, қонақүй бағасы төмендегені байқалды. Республика бойынша инфляция деңгейі Атырау, Маңғыстау өңірлерінде жоғарылап, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Астана және Павлодарда төмендеген.